



Қазақ тілі оқытушыларының  
халықаралық бірлестігі  
президенті ф.ғ.д., профессор  
А. Салқынбай  
« 4 » наурыз 2024 ж

## «XX ҒАСЫР КӨКЖИЕГІНДЕГІ ҮШ БӘЙТЕРЕК: Б. МАЙЛИН, І. ЖАНСҮГІРОВ, С. СЕЙФУЛЛИН» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережесі

1.1 Қазақ әдебиетінің үш бәйтерегі – Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойына орай өткізілетін республикалық байқау – ЖОО мен колледж студенттеріне, 8-10 сынып оқушыларына арналған (бұдан әрі – Байқау).

1.2 Байқауды ұйымдастырушылар – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасы және Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі, Жамбыл облысы әкімдігінің мемлекеттік тілді дамыту басқармасы.

### 2. Байқау жанрлары және тақырыптары:

#### 2.1 Эссе бойынша:

- Сыр сандықты ашып қара, сырласым;
- Қадірлі, бағасы алтын анам тілі;
- Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз!

#### 2.2 Мақала бойынша:

- Көркем әңгіме шебері – Бейімбет;
- Сәкен лирикасының сыры;
- Жетісудың жыр жүйрігі – Ілияс.

#### 2.3 Арнау бойынша:

- Үш бәйтерек – үш ғұмыр.

### 3. Байқау мақсаттары

3.1 Алаш қайраткерлері, ақын, жазушы қазақ әдебиетінің үш бәйтерегі – Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Сейфуллиннің қазақ тілі мен әдебиетіне, публицистикаға қатысты мұраларын зерттеу, насихаттау.

3.3 Жастардың әдеби шығармашылығын дамыту, қазақ тілінде сауатты жазуға дағдыландыру.

#### **4. Байқауға қатысушылар**

4.1 ЖОО және колледж студенттері, 8-10 сынып оқушылары қатысады.

4.2 Байқауға қатысатын жұмыстар және өтінімдер келесіде көрсетілген электронды поштаға жіберіледі: zhaszerteushi2023@mail.ru

#### **5. Байқауды өткізу шарттары**

4.1. Байқау бір ғана кезең бойынша өткізіледі.

4.2. Байқауға қатысушы бір ғана жанр бойынша жұмысын жібереді (қағаз түрінде). Яғни, бір қатысушы тек бір ғана жанр бойынша байқауға қатыса алады.

4.3. Байқауға қатысушының жетекшісі тек бір ғана үміткерін қатыстыра алады.

4.4. Үздік жұмыстарды әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасы және Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі бекіткен комиссия құрамы анықтайды. Үздік жұмыстар белгілі бір мерзімді басылымда жарияланады

#### **6. Бағалау критерийлері**

Үздік жұмыстарды бағалау өлшемдері:

6.1. Әр жанр бойынша жеке-жеке жүлделі орындар тағайындалады;

6.2. Мақала бойынша келіп түскен жұмыстар – плагиатқа тексеріледі, еш жерде жарияланбаған болуы тиіс, тақырыпқа сай болу керек, мазмұны мен мақсаты анық, сонымен қатар бүгінгі күнмен байланысы, автордың өзіндік көзқарасы, талдауы болуы тиіс, публицистикалық стильде жазу қажет.

6.3. Эссе бойынша келіп түскен жұмыстар - плагиатқа тексеріледі, еш жерде жарияланбаған болуы тиіс, тақырыпқа сай болу керек, мазмұны мен мақсаты анық, сонымен қатар бүгінгі күнмен байланысы, автордың өзіндік көзқарасы, талдауы болуы тиіс, мақала-мәтел, фразеологизмдер мен қанатты сөздерді қолдану ерекшелігі де ескерілу керек, көркем әдеби стильде жазу қажет.

6.4. Арнау бойынша келіп түскен жұмыстар - плагиатқа тексеріледі, еш жерде жарияланбаған болуы тиіс, тақырыпқа сай болу керек, көркем әдеби стильде жазу қажет.

#### **7. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар**

7.1 Мақала, эссе, арнау жанрлары бойынша келіп түскен жұмыстардың форматы А-4, шрифтті Times New Roman, кеглі 12, жол аралық - 1,0 барлық жақтарынан 1,5 см кем емес. Титул беті жеке толтырылады.

7.2 Эссе сөзі – 200-300; мақала сөзі – 500-600; арнау – 5-7 шумақ.

#### **8. Байқауды өткізу тәртібі мен қорытынды шығару**

8.1 Байқауға өтінімдер мен жұмыстар 2024 жылдың 1-наурызы мен 24-наурыз аралығында қабылданады.

8.2 Байқау жұмыстарын тексеру және қорытындысын шығару 2024 жылдың 25-наурызында жүргізіледі.

8.3 Іріктелген үздік жұмыстар мен жеңімпаздардың тізімі 2024 жылдың 26-наурызында жарияланып, марапаттау рәсімі 2024 жылдың 29-наурызында өтеді.

### 9. Байқау қатысушыларын марапаттау

9.1 Байқауға қатысушыларға алғысхат, жүлдегерлерге дипломдар мен сыйлықтар табысталады. Байқауға қатысқан үміткерлердің жетекшілері де марапатталады. Үздік жұмыс белгілі бір мерзімді басылымда жарияланады.

2 - қосымша

#### ӨТІНІМ ҮЛГІСІ

Қатысушының ТАӘ толығымен жазылады	Иманбекұлы Иманбек
Қала, ауданы	Тараз қаласы
ЖОО, колледж, мектебінің атауы	Ш.Мұратаза атындағы халықаралық Тараз инновациялық институты
Курсы/сыныбы	2
Жетекшісінің ТАӘ толығымен жазылады	Шолпанбаева Сәуле Қадырқызы
Қызметі, жұмыс орнының толық атауы	Ақпараттық жүйелер кафедрасының доценті
Жанрының атауы	Мақала
Тақырыбы	Сәкен лирикасының сыры
Байланыс түрі (электронды почта, ұялы телефон)	87075698888